



«Бекітемін»

Мектеп директоры: *Шокаманов С.*

2022-2023 оқу жылында «Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебінің «Қыз жібек» қыздар ұйымының жүргізілетін жылдық жоспары.

№	Атқарылатын іс- шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	- «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» тақырыбында сынып сағаты - «Қыз Жібек» клубының ережелерімен таныстыру	14. 09	ДТІЖО Нәлімгер
2	-«Маған өмір керек, мен өмірге керекпін» дөңгелек үстел	21.10	Психолог
3	- «Жат діни ағым және қазақ қыздарының тағдыры» дөңгелек үстел	07.01	ДТІЖО Тәлімгер
4	- «Көктем аруы» қыз сыны - Мектеп формасы	10.03	ДТІЖО Тәлімгер
5	- «Жақсы мінез жан азығың» (баяндама) - «Бүгінгі бойжеткен , ертенгі асыл жар» (баяндама)	15.04	Тәлімгер
6	- «Сен өз құқығыңды білесің бе?»	11.05	Психолог
7	- « Мәңгілік елдің қыздары ибалы келеді» (пікір алмасу) - «Қыз Жібек» қыздар клубының жылдық қорытынды отырысы	29.05	ДТІЖО Тәлімгер

Ұйымдастырушы: Тайман Г.

## «Қыз Жібек» клубының ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

«Қыз Жібек» клубының тұжырымдамасы» (бұдан әрі – Тұжырымдама) – бұл білім алушы қыз балаларды ұлттық санада тәрбиелеуді, ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттауды, болашақ ұлт аналары ретінде дайындауды мақсат ететін, олардың діни ұстанымдарын таңдауға кеңес беретін, еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға, қоғамды әлеуметтендіруге үлес қосуын басты мұрат еткен негізгі құжат.

Тұжырымдама ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әрі нығайту, қазақ қыздарының мүддесін көздеу бағытындағы негізгі ұстанымдар, өзекті мақсаттар мен міндеттердің жиынтығы болып табылады.

Бұл құжат қыздардың бүгінгі қазақ аруы, ертеңгі адал жар, болашақтағы ұлт анасы ретінде қалыптасуының мәдени, рухани негіздерін анықтауға бағытталған.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Конституциясын, дүниежүзілік құқық талаптарын, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауындағы нақты міндеттерді назарға ала отырып, Білім және ғылым министрлігінің іс-шаралар жоспары, «Білім туралы» заңы, Тәрбие тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 2011-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары, әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі жылдық жоспарына негізделіп дайындалды.

Қазақстан мемлекетінің алға ілгерілеуі, жаһандану кезеңінде ұлттық мемлекет ретінде ерекшеліктерін сақтай отырып, төлтума болмысын, әлемдік дамуда ұлттық дара мемлекеттілігін қалыптастыруы, еліміздің жастарына барынша қолдау көрсету, қыздарымызды саналы тәрбиелеу бағыттары осы тұжырымдаманы қабылдау қажеттігін тәрбие саласының күн тәртібіне қойды. Бұл – тарихи және рухани қажеттілік.

Тұжырымдама мемлекеттік бағдарламаларды және басқа нормативтік құқықтық актілерді дайындау үшін негіз болып табылады.

## I. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттаған бүгінгі қазақ халқының мақсаты – қазіргі жаһандану үдерісіндегі өзінің ұлттық құндылықтарын сақтау, жастарын әлемдік деңгейде таныту, инновациялық өркендеу, ұлттық ғылымды дамыту, білім беру жүйесін бүкіл әлемдік стандартқа сәйкестендіру барысында қазақ тілі құнарында өркендету, дәстүрлі еңбек тәрбиесінің дербестігіне кепілдік беру, қоғамды әлеуметтік модернизациялау. Бұл бүгінгі еліміздегі алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті үшін болашақтағы ұлт анасын тәрбиелеуде үлкен жауапкершілікті, ауыр миссияны міндет етеді. Тәрбие жұмыстарының басым бағыттарының бірі – тәрбие ұлттың рухани тамыры екендігі басты назарға алу.

Қазақ қызы дегенде ойға ең алдымен инабатты, ибалы, «сыпайылық» деген сөзді мәңгі жадында сақтаған қазақтың нәзік, аяулы ару қызы елестейді. Ата-бабамыз «қыз» деген қасиетті ұғымды өте бағалап, қыз баланы еркелетіп өсірген, «Қыз өссе елдің көркі» деп ерекше аялаған.

Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел-ана. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» деген мақал сөз осыдан туса керек. «Қыз Жібек» клубының мақсаты – қазақ қыздарының адал, пәк, шешен, парасатты, инабатты, ұлтжанды, отаншыл және заманға сай іскер екенін бүкіл әлемге мойындату, қыздардың тұлға ретінде қалыптасуына көмек көрсету.

## II. «ҚЫЗ ЖІБЕК» КЛУБЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

- Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени, ұлттық құндылықтарын сақтау, тән саулығын, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, адамгершілік және рухани дамыту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;
- қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, өткен тарихымызды білуге, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, отан сүйгіштікке тәрбиелеу;
- мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы үшін үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру. Әдептілік пен сыпайылық, ибалылық, инабаттылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындату;
- үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді қызды қалыптастыру.

## III. «ҚЫЗ ЖІБЕК» КЛУБЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Негізгі идеясы:** Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле.

**Әдісі:** Сырласу, пікірлесу, талдау, дөңгелек үстел, шебер-сынып, кештер өткізу.

Университеттің тәрбие үдерісіне өзгерістер енгізу студент-жастардың ұлттық келбетін қалыптастыру қажеттілігінен туындап отыр. Еліміздің болашағы қазіргі жастардың қолында екенін білген Елбасымыз өз сөзінде: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде – оларға жастайынан имандылық пен салауатты өмір сүруді саналарына сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген сөзінен жастардың тәлім-тәрбиесіне бірден-бір жауап беретін республикадағы қазақ қыздарының қара шаңырағы аталатын университетімізге қойылатын талаптың салмақты екендігі аңғарылады.

**«Қыз Жібек» клубының негізгі мақсаты:**

қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ аруын қалыптастыру және университет білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру.

**«Қыз Жібек» клубының негізгі міндеттері:**

- тарихи дара тұлға – арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- ұрпаққа ұлттық тәрбиені сіңіруші ретінде даярлау;
- кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, салауатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;
- болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;
- ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- отбасы тұрмысына, үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.

#### IV. «ҚЫЗ ЖІБЕК» КЛУБЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

##### 1. Тарихи тұлғалардан өнеге

«Қыз» - ардақты ана, аяулы жар, ұрпақ жалғастырушы, яғни «қыз» деген ұғымға толассыз теңеулер көп екені айдан анық. Қыз бала – болашақ ана, инабатты келін, ана-әже. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Мұхаммед пайғамбардың қыз баланы қатты қастерлеген мынадай хадисі бар: «Қандай отбасында болмасын, қыз бала дүниеге келсе, сол күннен бастап, сол отбасының тілеуін періштелер үздіксіз тілеп отырады». Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін баласына, немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, жалғастырушы, дамытушы – әйел-ана.

Сонымен бірге тарихымызда өткен аяулы аруларымыздың бейнесі де үлгі тұтарлық, өнеге аларлық болып табылады. Томирис – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы, патшайым болып ел басқарған батыр қыз. Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Гауһар – Қабанбай батырдың жары. Домалақ ана (Нұрша) – Бәйдібек бидің әйелі. Қыз Жібек – мәңгілік махаббат символы, Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы. Қарашаш – Жиренше шешеннің жары. Ұлы Отан соғысында ерлік жасаған қазақтың ер жүрек қыздары – Мәншүк пен Әлия, Желтоқсан оқиғасының батыл қыздары – Ләззат Асанова мен Сәбира Мұқаметжанова.

##### 2. «Қыз Жібек» клубының мүшелерінің бейнесін қалыптастыру

Қазақтың ежелгі салт-дәстүрлеріне жүгінсек, қазақ қыздары ешқашан ер-азаматпен бедел таластыруға ұмтылмағаны белгілі. Әріден келе жатқан әдепті берік ұстанған халық қызын ешкімге қорлатқан емес. Қазақ қашанда қызын әлпештеп өсіріп, оң жақта отырған қызға аңдап қарап, оның «ақылына көркі сай» болуын қадағалаған. Халықтың ұғымында «қыз бала – елдің көркі, халықтың гүлі, өмір-тіршілігі» делінеді. Қазақ халқында қызға берілген анықтама, оларға қойылған талап-тілектер қызды аялаудың, оны тәрбиелеудің үлкен жолға қойылғанын көрсетеді.

Ата-бабамыз қашанда қыз балаға ерекше қараған. «Өмірдің ащы-тұщысын көріп ысыла берсін, тұяғы тасқа салса кетілер, суға салса жетілер» деген оймен ұлын жел өтінде ұстаса, қызын «аз күндік қонағым, алтынның сынығы, шұғаның қиығы» деп, бөркінің төбесіне үкі қадап үлгілдетіп

өсірген. Оны аялап, мәпелеген. Өйткені, «жұмақ – ананың табанының астында», «ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деп, қыз бала тәрбиесіне ертеден-ақ мән берген.

«Қыз Жібек» клубының мүшелері қоғамда өшпес із қалдыратындай үлкен ерекшелікпен қалыптасуы тиіс:

- Жан жақты білімді;
- Сыр-сымбатын сақтай білетін, өзін сұлу ұстауға үйренген;
- Ұлттық өнерді дәріптейтін;
- Шебер сөйлеп, салт дәстүрді сақтай білетін;
- Жаңашылдыққа жақын;
- Шетел тілі мен іскерлік қарым-қатынас әдебін игерген;
- Бұрынғы қазақ аруларының асыл қасиеттерін дәріптейтін;
- Қазіргі сәндік киім үлгілерін талғаммен үйлестіре білетін;
- Сан өнерді тал бойына тоғыстыра білген бойжеткен.

Осы тұста «Қыз Жібек» жырындағы Қыз Жібек бейнесі қыздарымыз еліктер шынайылық белгісіне айналуы керек:

Қыз Жібектің дидагы -

Қоғалы көлдің құрагы,

Көз сипатын қарасаң -

Нұр қызының шырагы,

Дури сауһар сырғасын,

Көтере алмай тұр құлагы,

Бой нұсқасын қарасаң

Бектер мінген пырагы.

Қыз Жібектің ақтыгы

Наурыздың ақша қарындай,

Ақ бетінің қызылы

Ақ тауықтың қанындай,

*Екі белгінің ажыры*

*Жазғы түскен сағымдәлі,*

*Билегінің шырғалы*

*Айбаттаның сабындай.*

### 3. Қыздарды тектілікке тәрбиелеу

*Ақын Абай: «Жаман тәрбие – болашақтағы қайғыңыз» деген. Қыздың абыройы мен ары – бүкіл елдің абыройы мен ары. Қыз – әдемілік пен іңкәрлік символы. Жібектей мінезімен уыздай тәтті қылығымен, іскерлігімен, ұқыптылығымен, ізеттілігімен, иманды, инабаттылығымен сыйлы. «Қызға қырық үйден тыю, қала берді қара күңнен тыю» деген аталы сөз желкілдеп өскен қыр қызғалдағына көрсетілген қысым емес, қайта пәк күйінде құлпырып өссін, жаман аттан аулақ болсын деген ниеттен туган. Қазақ қыздарынан қаншама ақылгөй даналар, мейірімді аналар, отбасының құтты мен берекесі бола білген тұлғалар шықты. Азуы алты қарыс Шыңғыс ханның жары Бөртенің текті анадан туган төрт ұлы дүниенің төрт бұрышын биледі. Кешегі «Жетімдеріміз, жетім болып жүріп-ақ жетілгенбіз» деген ақиық ақын Мұқағалиды, «Маңғыстаудың әулиесі» атанып жүрген Әбіш ағамызды тәрбиелеп өсірген аналарымыздың өмір жолы кейінгіге өнеге. Тәрбие көрген қазақ қыздары ерлерін пір тұтып, оның ата-анасы мен бауырларын құрметтеп, үлкеннің алдын кесіп өтпей сыйлап, қадірлеген. Бұндай әйелдерді ер азаматтар да қатты құрмет тұтқан. Бір ауан елді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған атақты аға сұлтан Құнанбай да анасы Зеренің алдын кесіп өтпеген.*

*Ұрпақ тәрбиесіне халықтық педагогика мен ұлттық психология көмектеседі. Ата-бабамыздың салт-дәстүрін қыз бала тәрбиесіне пайдалана білуге тиіспіз.*

### 4. Отан отбасынан басталады

*Көп ұлтты тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің беріктігі, өркендеп нығаюының негізгі жолдарының бірі – студенттер санасында тәрбие рухын қалыптастыру. Өз Отанын сүю, Ата Заңды білу, еркін өмір сүруін қамтамасыз ету – ел мақсаты. Бұл қасиеттерді орындау үшін әрбір студент оны бойына сіңіріп, дамытуы тиіс.*

*Отбасы – адам дүниге келгеннен бастап, оның өсіп жетілуіне, қатарға қосылуына ықпал ететін басты факторлардың бірі. Мұнда ол қоғамдық*



өмірге араласуға, мәдениетті меңгеруге, мінез-құлық нормаларына, өзін тұлға ретінде көрсетуге және әртүрлі әлеуметтік ролдерді атқаруға бейімделеді. «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» демекші, бала – отбасының айнасы.

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орнын таба білуіне жәрдем беру, сырласу алға қойылғаны жөн. Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында ерекше танылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу жөніндегі жұмыс оларды нәзіктікке баулу, ептілік пен шеберлігін қалыптастыруға, сондай-ақ қыздарды отбасылық қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталуы қажет.

#### 4. Болашақ ұлт анасы

Мұхаммед пайғамбар: «Жұмақ аналардың аяғының астында», «Үш қыз тәрбиелеп кемеліне келтірген ата-ана жұмаққа барады» деп, ана тәрбиесін жоғары бағалаған.

«Асыл анадан, ат биеден туады» дегендей, нағыз ана тәрбиелеген ердің намысын, елдің тыныштығын қорғайды. «Аталар сөзі – ақылдың көзі», бұрынғы өткен ұлыларымыздың әйел затының тәрбиесіне байланысты төмендегідей түйінді сөздер қалдырған: «Әйелі ақылдының еркегі бақырлы болады, береке мен бірлікке шақырғы болады. Алысты жақын, дәмсізді дәмді етеді. Берекесіз әйел байды жарлы етеді, жарлыны сорлы етеді. Ұйқышыл жалқау келеді, тілі ащы шайнау келеді. Ердің қосағы түзелмей қосы түзелмейді. Әйелің адал болса – алаңың жоқ, арам болса – амалың жоқ. Қанаттандыратын да, қанат талдыратын да әйел. Жақсы әйел жаман еркекті ер етеді, жаман әйел жақсы еркекті қор етеді. Ақылды жарың – байлығың, барың. Жақсы қыз ибалы келін болады. Жақсы келін – келін, жаман келін – өлім болады. Еркек – түздің қыраны, әйел – үйдің шырағы. Әйел – үйдің туы, оттың қуаты» деген ата-бабамыздың мағыналы да маржандай асыл сөздерін бойына сіңіріп, ақылымен елді аузына қаратқан, тәрбиелі де үлгілі ұрпақ таратқан, аты аңызға айналған, адалдығынан әулие деген атақ байланған ару қыз, опалы жар, қасиетті аналар қазақта көп болған. Олар ерін «пірім» деп сыйлаған. Ұрпағының басына адамдық қасиет жинаған, ұлын ұлағатты, қызын парасатты етіп тәрбиелеген.

## 5. Дәстүрлі діни танымдар

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде Дін істері жөніндегі агенттік құру туралы идеяны алға тартқан болатын. Бұл құрылымның міндеттерін белгілей келіп, Президент «біздің шешуші конфессияларымыз мемлекеттік органдармен ынтымақтастық барысында дінге сенуші жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, олардың шынайы діни білім алуына көмектесе алар еді» деп атап көрсетті.

Бүгінде Қазақстанда ұлттық діни қайта өрлеу кезеңі белең алуда. Дін халықтың мәдени дәстүрлерін сақтаушы және рухани-адамгершілік идеалдардың қозғаушы күші ретінде біздің отандастарымыздың көз алдында зор құндылықтарға ие. Осыған байланысты діни этиканың күші өскелең ұрпақтың адамгершілік және рухани дүниетанымын қалыптастыруда барынша белсенді қолданылуда. Дәстүрлі діни танымдардың сенім үдерістері ғасырлар бойы адамдардың өз ұрпақтарын тәрбиелеуіне, еңбек етуіне, кітап жазып, ұлы өнер туындыларын жасауына ықпал етіп келді. Басқаша айтсақ, дәстүрлі діндер қоғамдық өмірдің және мәдениеттің ажырағысыз бір бөлшегіне айналды.

Мұсылмандық Шығыс мәдениетіне тарихи жақындасу Қазақстанда ғылым мен мәдениеттің дамуына барынша зор қозғау салды. Бір жағынан, көне діни нанымдардың орнына келген ислам қазақ халқының адамгершілік жағынан өсуіне интеллектуалдық және мәдени дамуына ерекше ықпал етті. Екінші жағынан алғанда, мемлекеттіліктің, этностық және мәдени ерекшеліктердің сақталып қалуының шешуші факторларының бірі де ислам болды. Көптеген дәуірлердегі түркі дүниесі және қазақ ойшылдары элитасының ұлы өкілдері – Қожас Ахмет Ясауи және Асан Қайғыдан бастап Абай мен Шәкәрімге дейін ислам рухани құндылықтарын таратушылар болды. Қазіргі қазақ қоғамы да сол ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды қастерлеп, өмірлік ұстанымдарына айналдыруы қажет.

## V. «ҚЫЗ ЖІБЕК» КЛУБЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

«Қыз Жібек» клубының Тұжырымдамада белгіленген мақсаттары мен міндеттері оларды орындауға арналған нақты шешімдерді қабылдап, тиісті іс-шараларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Тұжырымдамада айқындалған басымдықтарды іске асыру үшін тәрбие беру ұйымдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, басқа жоғары оқу орындары клубтарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлескен жұмыс жүргізіледі.

Осы Тұжырымдаманың орындалуын университеттің тәрбие беру саласы үйлестіреді.

Тұжырымдаманың орындалуы үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңінде университет арнайы бағдарлама қабылдайды. Оған қосымша жоспарда нақты іс-шаралардың, қажетті жобалардың тізімі, жауапты орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетіледі.

Екінші кезеңде қажетті жобалардың талқыланып, қабылдануы қамтамасыз етіледі.

Үшінші кезеңде университеттің тәрбие беру саласы Тұжырымдаманы орындауға бағытталған нормативтік құқықтық құжаттардың кешенін бекітіп, оларды жүзеге асыруды бастайды.

Университеттің тәрбие беру саласы жылына бір рет осы Тұжырымдаманың орындалуы туралы жылдық есепті дайындап, мерзімді басылымдарда жариялап отырады.

## Хаттама №1

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебінің «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» байланысты Майдантал ауылдық геникологтары мен психологтары бірлесе атқарылған жұмыс хаттамасы.

Қатысқандар: 8, 9, 10, 11 – сынып қыздары

Күн тәртібінде:

1. Келген қонақтармен таныстыру
2. Қыз тәрбиесіне арналып дайындалған бейнеролик
3. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» баяндама.
4. Сұрақ-жауап

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша келген қонақтар: Әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының инспекторы аға лейтенант полиция Баймахан Мадина, медбике сөз алыды.

Екінші мәселе бойынша психолог қыздардың тәрбиесіне байланысты бейнероликте қыз балаға тән жақсы қылықтар туралы түсіндірме көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырып аясында баяндама оқылып, келген қонақтарға сөз берілді. Сөз барысында гениколог гигиена жайлы көптеген түсіндірме жұмыстарды ауқымды жеткізе білді. Сонымен қатар полиция аға лейтинанты қыздар арасында орын алған қақтығыстар туындаса қандай жазамен жазаланатыны туралы айтып өтті.

Қаулы:

1. Түсіндірме жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Бейнеролик көрсетілімі қанағаттанарлық
3. Баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.